



	«Semser Security» ЖШС	
«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Басқармасы туралы Ереже		
ЕРЗ - 04 - 12	Редакциясы 2	1 беті 14беттің
Әзірлеген Оңғаров Б.Ж.  «26» наурыз 2012 ж.	Тексерген: Қайырбаев А.К.  «26» наурыз 2012 ж.	Жалғыз қатысушының – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ шешімімен бекітілді 2012 ж. «03» сәуірдегі №30 хаттаманың 9-т

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілікті серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) және «Semser Security» жауапкершілігі шектеулі Серіктестігінің (далее – Товарищество) Жарғысына сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Ереже Серіктестік Басқармасының (бұдан әрі - Басқарма) мәртебесін, құру, қызмет атқару тәртібін және құзыретін, Басқарма мүшелерінің құзыреті мен жауапкершілігін, шақыру, Басқарма отырыстарын өткізу, оның шешімдерін қабылдау және ресімдеу тәртібін анықтайды.

1.3. Басқарма өз қызметін жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, Серіктестіктің Жарғысын және ішкі құжаттарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

1.4. Басқарма Серіктестіктің ағымдағы қызметіне басшылық ететін алқа атқарушы орган болып табылады.

1.5. Басқарма Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының (бұдан әрі – Жалғыз қатысушы) және Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің (бұдан әрі – Қадағалау кеңесі) шешімдерін жүзеге асырады.

1.6. Бір де бір тұлға «немесе тұлғалар тобы» Басқарманың шешім қабылдауына ықпал етпеу керек.

1.7. Басқарма мүшелері әрекет етуінің негізгі ұстанымдары адалдық, адал ниеттілік, парасаттылық, сақтық, тұрақтылық болып табылады.

1.8. Басқарма қызметі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мүдделерін барынша сақтау ұстанымдары негізінде құрылады және толығымен Жалғыз қатысушы мен Қадағалау кеңесінің шешімдеріне есепті.

II. Басқарманың және Бас директордың (Басқарма төрағасының) құзыреті

2.1. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнама кесімдерімен және Жарғымен Серіктестіктің басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Серіктестік қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

	«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Басқармасы туралы Ереже	
Ереже 3-04-12	Редакциясы 2	2 беті 14 беттің

2.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына, Серіктестіктің Жарғысына, басқа ішкі құжаттарына сәйкес Басқармасының құзыретіне жатады:

- 1) Серіктестіктің мүдделерін білдіру;
- 2) Жалғыз қатысушы мен Қадағалау кеңесінің шешімдерінің әзірленуі мен орындалуын ұйымдастыру, олардың орындалуы туралы есеп беру;
- 3) Жалғыз қатысушының немесе Қадағалау кеңесінің құзыретіне жататын мәселелерді алдын ала мақұлдау;
- 4) Жалғыз қатысушы мен Қадағалау кеңесінің сұрауы бойынша, олармен белгіленген мерзімде, Серіктестіктің өндірістік және қаржы қызметі туралы кез-келген ақпаратты, соның ішінде бухгалтерлік және қаржы есебін және өзге де құжаттамаларды беру;
- 5) Серіктестіктің міндеттемелерін ұлғайту алдындағы күннен Серіктестіктің міндеттемелерін жыл соңындағы оның өзіндік капиталының мөлшерінен 10-нан (оннан) 25-ке (жиырма беске) дейін пайыз құрайтын көлемге ұлғайту туралы шешім қабылдау;
- 6) еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтауды қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар қабылдау;
- 7) Жарғының 46-тармағы 8) тармақшасымен көзделген құжаттардан басқа, Серіктестіктің қызметін ұйымдастыруға бағытталған құжаттарды (еңбек тәртібінің ережелері; Серіктестіктің регламенті; іс қағаздарын жүргізу жөніндегі нұсқаулық; Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелері мен консультативтік – кеңес органдарының қызметін реттейтін құжаттар; Серіктестікпен келісімшарттардың бекітілу тәртібін анықтайтын құжаттар; басқа құжаттар) бекіту;
- 8) Серіктестіктің штат кестесін, сондай-ақ Серіктестіктің Астана қаласы бойынша арнайы бөлімшесінің, филиалдары мен өкілдіктердің әкімшілік – басқару персоналының басқару құрылымын Қадағалау кеңесімен бекітілген сан шегінде бекіту;
- 9) филиалдардың, өкілдіктердің және Серіктестіктің Астана қаласы бойынша арнайы күзет бөлімшесінің күзет бекеті құрамының штаттық санын бекіту;
- 10) Серіктестік қызметкерлерін дайындау мен біліктілігін арттыру бағдарламасын бекіту;
- 11) Серіктестіктің ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау;
- 12) демеулік (қамқорлық) көмек көрсету туралы шешімді белгіленген тәртіпте қабылдау;
- 13) Серіктестегі ішкі бакылау мен тәуекелді басқару үдерістерін әзірлеу мен қолдану үшін жауапкершілікте болу;
- 14) Қадағалау кеңесінің қарауына тәуекелдерді басқару бойынша есеп беру, сондай-ақ қадағалау кеңесіне Серіктестегі тәуекелді басқару жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы дер кезінде хабарлау;

	«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Басқармасы туралы Ереже	
Ереже 8-04-12	Редакциясы 2	3 беті 14 беттің

15) Серіктестікті дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясының жобасы мен Серіктестіктің Бизнес-жоспарын, бюджетін, соның ішінде Серіктестіктің бизнес-жоспарын, бюджетін түзетуді ұйымдастыру, әзірлеу;

16) өз құзырлығы шектігінде басқа міндеттерді орындау.

2.3. Басқарма Қадағалау кеңесінің мүшелеріне, оларға міндеттерді орындауға байланысты жүктелсе, Серіктестіктің қызметі туралы, соның ішінде құпия сипаты бар ақпаратты сұранымды алған кезден бастап 10 күннен кешіктірмей береді.

2.4. Серіктестіктің Бас директоры (Басқарма төрағасы):

1) Басқарма отырысын шақырады, Басқарма отырысын өткізу түрін, мерзімін, уақыты мен орнын, оның күн тәртібін анықтайды, қаралатын мәселелер бойынша қажет материалдардың ұсынылуын қамтамасыз етеді;

2) Басқарма жұмысын ұйымдастырда және үйлестіреді;

3) Басқарма мүшелерінің міндеттерін, құзыреттілік пен жауапкершілік аясын бөледі;

4) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына Басқарма мүшелері ретінде сайлау (тағайындау) үшін кандидатуралар ұсынады;

5) Жалғыз қатысушы мен Қадағалау кеңесінің, сондай-ақ Серіктестік Басқармасының ерекше құзыретіне жатпайтын, Серіктестіктің ағымдағы қызметіне қатысты барлық басқа мәселелер бойынша, міндеттер орындау үшін қажет шешімдер қабылдайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Серіктестік Жарғысымен, осы Ережемен және Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы мен Қадағалау кеңесінің шешімдерімен қарастырылған басқа қызметтерді жүзеге асырады.

2.5. Серіктестіктің Бас директорына (Басқарма төрағасына) және Басқарма мүшелеріне:

1) Жалғыз қатысушының келісімісіз Серіктестікпен одан мүліктік пайда алуға бағытталған (соның ішінде сыйға тарту, қарыз, Серіктестіктің мүлігін сатып алу-сату, қайтарусыз пайдалануға шарттарын және т.б.) мәмілелер жасасуға;

2) Серіктестіктің үшінші тұлғалармен жасаған мәмілелері үшін Серіктестіктің өзінен және үшінші тұлғалардан делдалдық сыйақы алуға;

3) Серіктестікпен қарым-қатынастағы үшінші тұлғалардың атынан немесе олардың мүддесі үшін әрекет етуге;

4) Серіктестіктің қызметімен бәсекелес болатын кәсіпкерлік қызмет атқаруға тыйым салынады.

2.6. Ереженің 2.5. тармағының 1)-3) тармақшаларымен көзделген шектеулер Серіктестіктің Бас директорының (Басқарма төрағасының) және Басқарма мүшелерінің жұбайына, барлық тікелей болған және болатын туыстарына, сондай-ақ туған аға-інілері мен апа-қарындастарына таралады.

 SEMSEK	«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Басқармасы туралы Ереже	
Ереже 3-04-12	Редакциясы 2	4 беті 14 беттің

III. Басқарма құрамы

3.1. Басқарманы Бас директор (Басқарма төрағасы) басқарады.

3.2. Серіктестік Басқармасының құрылуы, соның ішінде сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, Басқарма мүшелерін сайлау және өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату, соның ішінде Серіктестіктің Бас директоры (Басқарма төрағасы), Жалғыз қатысушының Қазақстан Республикасы заңнамасына және Серіктестіктің Жарғысына сәйкес шешімі бойынша жүзеге асырылады.

3.3. Жалғыз қатысушының уәкілдері және Жалғыз қатысушының уәкілдері болып табылматын Серіктестіктің жұмыскерлері Басқарма мүшелері бола алады. Серіктестік Басқармасының мүшесі тек қана Жалғыз қатысушының келісімімен басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

3.4. Жалғыз қатысушының қарауына Басқарма құрамына сайлау (тағайындау) үшін кандидаттар бойынша ұсыныстар Бас директормен (Басқарма төрағасымен) енгізіледі. Бас директор (Басқарма төрағасы) Жалғыз қатысушының қарауына Басқармадағы бір бос орынға сайлауға (тағайындауға) ұсынылатын кандидат бойынша ұсыныстарды екі реттен артық енгізуге құқылы емес.

3.5. Жалғыз қатысушы Бас директормен (Басқарма төрағасымен) ұсынылған кандидаттан бас тартқан жағдайда бос орынға екінші рет кандидат бойынша ұсыныс енгізу құқығы Жалғыз қатысушыға беріледі.

3.6. Басқарма мүшелерін іріктеу және тағайындау Жалғыз қатысушымен сайлау (тағайындау) үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ететін келесі процедуралар негізінде жүзеге асырылады.

Басқармаға кандидаттар туралы ақпарат, құзыретіне осы мәселені қарау кіретін, Жалғыз қатысушының уәкілетті органының (бұдан әрі - Уәкілетті орган) отырысына дейін тапсырылады, және онда келесі деректемелер болу керек:

- кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (қажет болғанда);
- кандидаттың жасы;
- кандидаттың білімі;
- кандидат соңғы бес жыл ішінде атқарған қызметтер;
- кандидаттың сайланған уақытта атқаратын қызметтері (егер кандидат Серіктестіктің атқарушы органының немесе акционерлік қоғамның мүшесі болса, аталған серіктестіктердің басқару органдарының, акционерлік қоғамдардың келісімі).

Басқармаға қызметтерге іріктеу жүргізген кезде кандидаттарға келесі талаптар қойылады:

- 1) Жоғарғы білім, келешекте жүктелген міндеттерді тиісінше

 SEMSEK	«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Басқармасы туралы Ереже	
Ереже 3-04-12	Редакциясы 2	5 беті 14 беттің

орындауға мүмкіндік беретін өтілі мен біліктілігі;

- 2) жағымды атағы;
- 3) Жалғыз қатысушы үшін келісуге болатындық;
- 4) өтелмеген (кешірілмеген) соттылықтың болмауы.

Жалғыз қатысушы сәйкес шешім қабылдаған жағдайда кандидат Басқарма құрамына сайланды деп есептеледі.

Сайланған Басқарма мүшелерімен Серіктестік еңбек шартын бекітеді, Серіктестік атынан еңбек шартына Серіктестіктің Бас директоры (Басқарма төрағасы) қол қояды. Серіктестік атынан Бас директормен (Басқарма төрағасымен) жасалған еңбек шартына Қадағалау кеңесінің төрағасы немесе бұл үшін Жалғыз қатысушымен өкілеттік берілген тұлға қол қояды.

Жалғыз қатысушы шешім қабылдаған сәттен бастап тағайындау болды деп есептеледі.

Басқарма мүшелері шексіз рет қайта сайлануы мүмкін.

Басқармаға сайлау немесе құрамының өзгеруі туралы ақпарат Жалғыз қатысушы шешім қабылдаған күннен бастап 10 күн ішінде Басқарма мүшелерінің өмірбаяндық мәліметтері көрсетіліп Серіктестіктің корпоративтік веб-сайтында орналастырылады.

Жалғыз қатысушы Басқарма мүшелерін сайлау (тағайындау) мәселесі қаралатын Уәкілетті орнанның отырысына кандидатуралары Басқарма құрамына сайлауға ұсынылған тұлғаларды шақыруға құқылы.

Жалғыз қатысушы Уәкілетті орнанының мүшелері кандидаттың белгіленген талаптарға сәйкестігін нақтылау мақсатында, сондай-ақ кандидаттың кәсіптік және жеке қасиеттерін анықтауға мүмкіндік беретін, сұрақтар қоюға құқылы.

3.7. Серіктестіктің Басқармасы Жалғыз қатысушымен сайланады. Басқарма саны тақ сан болу керек, бұл ретте Басқарма 3 (үш) мүшеден кем болмауы керек.

3.8. Басқарма мүшесінің және Бас директордың (Басқарма төрағасының) өкілеттігі Жалғыз қатысушының шешімі бойынша мерзімнен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Бұл ретте жұмыскердің, Бас директордан (Басқарма төрағасынан) басқа, Басқарма мүшесі ретінде өкілеттігін тоқтату оның Серіктестікпен басқа заңды еңбек қатынастарын тоқтатуға келтірмейді.

Басқарма мүшесі өз бастамасы бойынша Жалғыз қатысушыға өтініш жазу арқылы Басқарма құрамынан шығуға құқылы. Басқарма мүшесінің бастамасы бойынша өкілеттігін тоқтату сәті Жалғыз қатысушымен оның өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдау сәті болып табылады.

Басқарма мүшесі болып табылатын Серіктестік жұмыскерімен еңбек қатынастарын тоқтату Басқармада мүшелікті мерзімнен бұрын тоқтатуға келтіреді. Осындай жағдайда Серіктестік Жалғыз қатысушыны дер кезінде

	«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Басқармасы туралы Ереже	
Ереже 3-04-12	Редакциясы 2	6 беті 14 беттің

бұл мүшенің өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату қажеттілігі және жаңа Басқарма мүшесін сайлау (тағайындау) қажет екендігі туралы хабардар етеді.

IV. Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

4.1. Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері заңнамамен, Серіктестіктің Жарлығымен, сондай-ақ олардың әр қайсы Серіктестікпен бекітетін еңбек шартымен (оған қосымша келісіммен) анықталады.

Еңбек шарттыңда (оған қосымша келісімдерде) тараптардың құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі және басқа маңызды шарттар көрсетіледі.

4.2. Басқарма мүшесі:

- 1) Басқарманың қарауына мәселелер енгізуге;
- 2) Басқарма отырысының күн тәртібіне өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар енгізе;
- 3) Серіктестіктің қызметіне қатысты және функцияларды сапалы іске асыру мен жүктелген міндеттерді орындау үшін қажет кез келген ақпаратты сұратуға;
- 4) Басқарма жұмысының Жоспарын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізуге;
- 5) Басқарма отырысын шақыртуды талап етуге;
- 6) заңнамамен, Серіктестіктің Жарлығымен, осы Ережемен және Серіктестіктің басқа ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

4.3. Басқарма мүшелері:

- 1) бухгалтерлік есепке алу жүйелерінің және қаржылық есептіліктің, соның ішінде тәуелсіз аудит өткізу, тұтастығын қамтамасыз етуге;
- 2) Басқарма отырысын шақыруға бастамашылық ету, Бас директорды (Басқарма төрағасын) хабарландыру арқылы немесе басқа қол жетімді тәсілмен Серіктестіктің қызметіне зиян келтірмеу, оңтайландыру үшін қажет шаралар қабылдауға;
- 3) Бас директордан (Басқарма төрағасынан) тапсырма алғанда ол үйлестіретін мәселелер шеңберіндегі істердің жағдайы туралы оны хабарландыруға;
- 4) Бас директорды (Басқарма төрағасын) және Қадағалау кеңесі төрағасын өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәлімдеуге;
- 5) заңнамамен, Серіктестіктің Жарлығымен, осы Ережемен және Серіктестіктің басқа ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа іс-әрекеттерді жүзеге асыруға міндетті.

 Ереже 3-04-12	«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Басқармасы туралы Ереже	
	Редакциясы 2	7 беті 14 беттің

4.4. Басқарма мүшелері өз құқытарын жүзеге асырғанда және міндеттерін орындағанда оларға жүктелген міндеттерді адал, Серіктестік пен Жалғыз қатысушының мүдделеріне сәйкес орындау керек.

4.5. Серіктестіктің Бас директорының (Басқарма төрағасының) және Басқармасы мүшелерінің лауазымдық еңбекақыларының мөлшерлерін және еңбекақы мен сыйақы төлеу шарттарын анықтау Қадағалау кеңесінің құзыретіне жатады.

4.6. Басқарма мүшелеріне Серіктестіктің мүлігін Жарғыға, Жалғыз қатысушының, Қадағалау кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ жеке пайдасына пайдануға немесе пайдалануға жол беруге, және өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен мәміле жасаған кезде теріс пайдалануға тйым салынады.

4.7. Басқарма мүшелері Серіктестіктің қызметі туралы ақпараттың заңнама талаптарына сәйкес ашылуын және берілуін бақылайды, және оларға Серіктестік туралы белгілі кез келген құпия мәліметтерді, немесе коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді жарияламауға міндетті. Құпиялық сақтау міндеті Басқарма мүшесінің өз қызметтік міндеттерін орындау мерзімі аяқталғаннан кейін 5 жыл бойы күшінде болады.

4.8. Басқарма мүшесінің басқа ұйымдарда тек қане Жалғыз қатысушының келісімімен жұмыс істеуге құқығы бар.

V. Басқарма мүшелерінің міндеті мен жауапкершілігі

5.1. Басқарма мүшелерінің міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Серіктестіктің Жарлығымен, осы Ережемен және Серіктестіктің басқа ішкі құжаттарымен анықталады.

5.2. Басқарма мүшелері:

1) заңнама талаптарына сай ақпарат ашуды және Серіктестіктің қызметін ақпараттық жарыққа шығаруды, ішкі(қызметтік) ақпараттың қорғалуы мен сақталуын;

2) Жалғыз қатысушымен және Қадағалау кеңесімен қойылған мақсаттарды іске асыру үшін қаржы және адам ресурстарын бөлуді қамтамасыз етеді.

5.3. Басқарма мүшелері олардың іс-әрекеттерімен (әрекетсіздігінен) келтірілген зиян үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Серіктестіктің Жарлығына сәйкес және тәртіпте жауапкершілікте болады, соның ішінде:

1) қателесуге немесе алдын ала өтірік хабар ұсыну;

2) заңнамамен белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу

Нәтижесінде келтірілген шығын үшін.

 SEMSEK	«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Басқармасы туралы Ереже	
Ереже 3-04-12	Редакциясы 2	8 беті 14 беттің

VI. Басқарма регламенті

6.1. Басқарма күн тәртібінің мәселелерін қарауға және шешім қабылдауға, егер бұл ретте үштің екісінен кем емес Басқарма мүшелері, соның ішінде күн тәртібі мәселелері бойынша жазбаша дауыс берген жоқ Басқарма мүшелері қатысса, құқылы. Серіктестік Басқармасы, әдеттегідей, бір айда кемінде 1 (бір) рет жиналады.

6.2. Басқарма отырыстары Басқарманың жыл сайынғы жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

Жұмыс жоспары Басқарма хатшысымен Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерінің, Серіктестік басшылығының және Басқарма мүшелерінің ұсыныстары негізінде қалыптастырылады.

Жұмыс жоспарына енгізіледі:

- 1) шығарылатын мәселенің атауы, мәселенің нақты тұжырымдамасын ұсыну мүмкіндігі болмаған жағдайда, оның үлгі атауы көрсетіледі;
- 2) мәселені қараудың болжамды мерзімі;
- 3) мәселені шығаруға бастамашы, материалды әзірлеуге жауаптыны көрсету (Т.А.Ә., құрылымдық бөлімше);
- 4) мәселені шығарудың құқытық негіздері.

6.3. Бас директор (Басқарма төрағасы) болмаған жағдайда, отырысты шақыру, оның күн тәртібін, өткізу мерзімін, уақыты мен орнын анықтау Бас директордың (Басқарма төрағасының) міндетін атқару белгіленген тәртіпте жүктелген Басқарма мүшелерімен іске асырылуы мүмкін.

6.4. Басқарма мүшелерінің талабы бойынша ол өз отырыстарында күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді, барлық Басқарма мүшелері қатысқан және келіскен жағдайда, қарауға құқылы.

6.5. Басқарманың қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша Серіктестіктің мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен материалдар әзірленеді.

6.6. Басқарма отырысында қарау үшін Серіктестіктің мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен әзірленген материалдар басқа мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен және, қажет болған жағдайда Серіктестіктің үйлестіруші басшылығымен келісілу керек, содан кейін Басқарма хатшысына тапсырылады.

6.7. Басқарма отырысында қарау үшін әзірленген материалдарда берілген мәселені қарау және ол бойынша шешім қабылдау қажеттілігін, сондай-ақ оны Бас директор (Басқарма төрағасы) болмаған мерзімде шығарғанда шұғылдығы мен тығыздығы негізделген түсініктеме хат, белгіленген тәртіпте келісілген шешімнің жобасы, нақты мәселелер бойынша отырысқа шақырылатын тұлғалар тізімі (қажет болған жағдайда), басқа қажет құжаттар болады.

	«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Басқармасы туралы Ереже	
Ереже 3-04-12	Редакциясы 2	9 беті 14 беттің

Басқарманың қарауына шығарылған мәселе Серіктестік қызметінің қаржылық- экономикалық аспектілеріне қатысты болған жағдайда түсініктеме хатта міндетті түрде барынша толық мөлшерде қаржылық- экономикалық көрсеткіштер мен есептер, сондай-ақ аталмыш мәселе бойынша Басқарма оң шешім қабылдаған жағдайда, қаржылық- экономикалық тиімділікті ашатын ақпарат болу керек. Егер Басқарманың қарауына шығарылған мәселе келешекте Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Серіктестіктің Жарғысына сәйкес Қадағалау кеңесі мен Жалғыз қатысушының қарауына шығарылатын болса, түсініктемеде бұл туралы көрсетіледі.

Түсініктеме 2 беттен артық болмау керек. Көрсетілген құжаттар отырыс өткізілгенге дейін 7 күнтізбелік күн Басқарма хатшысына тапсырылады. Хатшы Басқарма отырысына құжаттардың қалыптыстырылуын қамтамасыз етеді, олар Бас директорға (Басқарма төрағасына) және Басқарманың барлық мүшелеріне отырыс өткізілгенге дейін 3 күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізіледі.

6.8. Басқарма отырысына материалдардың дер кезінде және сапалы әзірленуі үшін жауапкершілік осы мәселені Басқарманың қарауына шығарған құрылымдық бөлімшенің бастығына жүктеледі.

6.9 Басқарма отырысына шығарылған құжаттарды келісу құжаттың соңғы парағында жүзеге асырылады. Басқарма хатшысы осы құжаттардың түпнұсқаларының оларды бекіту туралы шешімдердің (хаттамалардың) түпнұсқаларымен бірге сақталуын қамтамасыз етеді.

6.10. Басқарма мүшесінің отырысқа келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда, ол дауыс беруге шығарылған шешімге қатысты, жобасымен алдын ала танысқан, өзінің пікірін жазбаша нысанда (жазбаша пікір) білдіреді.

Жазбаша пікір Басқарма мүшесімен Бас директорға (Басқарма төрағасына) Басқарма отырысы өткізілгенге дейін беріледі.

Басқарма мүшесінің жазбаша пікірі оның күн тәртібі мәселелері бойынша ұстанымын көрсетеді («келіседі», «қарсы», «қалыс қалды»). Басқарма мүшесінің жазбаша пікірі кворум мен күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беру нәтижелерін анықтағанда ескеріледі.

Егер Басқарма мүшесінің жазбаша пікірінің көшірмесі Басқарма мүшелеріне отырысқа дейін ұсынылатын ақпаратқа (материалдарға) енгізілмесе, Бас директор (Басқарма төрағасы) немесе отырыста төрағалық ететін Басқарма мүшесі Басқарма отырысында жоқ Басқарма мүшесінің жазбаша пікірін оның пікірі берілген күн тәртібі мәселесі бойынша дауыс бергенге дейін жарияланады.

Бұрын өз пікірін жазбаша нысанда ұсынған Басқарма мүшесі Басқарма отырысына қатысқан жағдайда, Басқарма отырысына дейін алынған оның

 Ереже 3-04-12	«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Басқармасы туралы Ереже	
	Редакциясы 2	10 беті 14 беттің

жазбаша пікірі отырыста жарияланбайды және, кворум мен дауыс беру нәтижелерін анықтағанда ескерілмейді.

6.11. Басқарма отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселені қарау бұл мәселе құзырлығына кіретін Басқарма мүшесі жоқ болса кейінге қалдырылады. Бұл шешім жоқ болған Басқарма мүшесінің назарына өте қысқа мерзімде жеткізіледі.

Осы мәселе құзырлығына кіретін Басқарма мүшесі болмаған салдарынан кейінге қалдырылған мәселе Басқарманың келесі отырысында бұрын болмаған Басқарма мүшесінің міндетті қатысуымен қаралады.

6.12. Басқарма өз отырыстарын көзбе - көз түрінде өткізеді.

Кейін Қадағалау кеңесі мен (немесе) Жалғыз қатысушының қарауына шығарылатын, сондай-ақ стратегиялық сипаттағы немесе Серіктестіктің дамуы үшін маңызды мәселелер қаралатын Басқарма отырыстары міндетті түрде көзбе - көз өткізіледі. Мұндай мәселелер бойынша сырттай отырыстар өткізуге рұқсат етілмейді.

6.13. Дауыс беру тәсілі(ашық, құпия) Бас директормен (Басқарма төрағасымен) немесе Бас директордың (Басқарма төрағасының) міндетін атқарушы Басқарма мүшесімен анықталады.

6.14. басқарма шешімдері қатысушы Басқарма мүшелерінің қарапайым дауыс басымдылығымен қабылданады, бұл ретте әр басқарма мүшесі бір дауысқа ие болады. Дауыс беруге шығарылатын әр мәселе бойынша Бас директор (Басқарма төрағасы) өз пікірін Басқарма мүшелерінің арасында соңғы болып білдіреді. Басқарма мүшелерінің дауысы тең болған кезде Бас директордың (Басқарма төрағасының) дауысы шешуші дауыс болады; Бас директордың (Басқарма төрағасының) міндетін атқарушы Басқарма мүшесі шешуші дауысқа ие болмайды.

6.15. Көпшіліктің пікірімен келіспеген Басқарма мүшесі отырыс аяқталғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде хаттамаға тіркеу үшін өзінің ерекше пікірін жазбаша түрде беруге құқылы.

6.16. Көзбе-көз Басқарма отырыстарында қабылданған Басқарма шешімдері отырыстың хаттамасы (бұдан әрі - Хаттама) ретінде ресімделеді. Басқарма отырысының хаттамасы Басқарма хатшысымен отырыс өткізілгеннен кейін 3 жұмыс күні ішінде ресімделеді, қолы қойылады және, отырысқа қатысқан Басқарма мүшелері мен құқықтық қамтамасыз ету қызметінің басшысы (ол Басқарма мүшесі болмаған жағдайда), визасы қойылғаннан кейін Бас директордың (Басқарма төрағасының) қолы қойылады және Басқарманың мөрімен бекітіледі.

6.17. Хаттамада:

- 1) отырыстың өткізілген орны, мерзімі мен уақыты;
- 2) отырысқа қатысқан Басқарма мүшелері, шақырылған тұлғалар;
- 3) отырыстың күн тәртібі;

	«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Басқармасы туралы Ереже	
Ереже 3-04-12	Редакциясы 2	11 беті 14 беттің

4) дауыс беру тәсілі;

5) дауыс беруге шығарылған мәселелер мен олар бойынша дауыс беру (көзбе-көз дауыс бергенде) қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) басқа мәліметтер көрсетіледі.

Кворум мен отырыстың күні тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру нәтижелерін анықтаған кезде Басқарма отырысында болмаған Басқарма мүшесінің жазбаша пікірін ескерген жағдайда, Басқарма мүшелерінен алынған жазбаша пікірлер Хаттамаға қосымша ретінде тіркеледі.

6.18. Бас директордың (Басқарма төрағасының) бастамасы бойынша дереу шешім қабылдауды талап ететін ерекше себептер салдарынан Басқарма шешімдірді сырттай қабылдай алады. Бас директордың (Басқарма төрағасының) міндетін атқарушы тұлға Басқарма отырысын сырттай өткізу туралы шешім қабылдай алмайды.

Сырттай дауыс беру арқылы Басқарманың қарауына әзірленетін материалдарда осы мәселені қарау және ол бойынша шешім қабылдау қажеттілігі (шұғылдығы мен тығыздығы) негізделген құрылымдық бөлімше бастығының, қажет болған жағдайда бірінші орынбасардың, қаржы директорының қолы қойылған Бас директордың (Басқарма төрағасының) атына қызметтік хат.

Басқарманың сырттай отырысының шешімі (бұдан әрі- шешім) жазбаша ресімделеді және онда:

- 1) сырттай отырыстың шешімі жазбаша әзірлеген мерзім, орны;
- 2) Басқарма құрамы туралы мәлімет;
- 3) күн тәртібі;
- 4) қабылданған шешімдер;
- 5) басқа мәліметтер көрсетіледі.

Басқарма Шешімінің жобасына Басқарма хатшысы қол қояды, мүдделі құрылымдық бөлімшелердің визасы қойылады.

Сырттай өткізілген отырыста Басқарма мүшелерінің дауыс беруі Шешімінің жобасына дауыс беретін Басқарма мүшесі тегіне қарама қарсы сәйкес пікірдің нұсқасы көрсетілген («келіседі», «қарсы», «қалыс қалды») бағанға қол қою арқылы жүзеге асырылады.

Визалар мен қолдар қойылғаннан кейін Шешім Бас директорға (Басқарма төрағасына) қол қоюға жіберіледі және Басқарманың мөрімен бекітіледі.

Шешім Бас директор (Басқарма төрағасы) қол қойғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмей барлық Басқарма мүшелеріне көшірмесін жіберу арқылы жеткізіледі.

6.19. Хаттамалардың (Шешімдердің) тіркелуі, олардың сәйкес істерге қалыптастырылуы мен қағаз түпнұсқаларының сақталуы Басқарма

 SEMSEK	«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Басқармасы туралы Ереже	
Ереже 3-04-12	Редакциясы 2	12 беті 14 беттің

хатшысымен қамтамасыз етіледі. Тіркегеннен кейін Хаттамалардың (Шешімдердің) Басқарманың мөрімен бекітілген көшірмелері, қоса берілген бекітілген құжаттармен бірге Басқарма хатшысымен әзірленген жіберу көрсеткішіне сәйкес Серіктестіктің мүдделі құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі.

Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелеріне Хаттамалардың (Шешімдердің) қосымша көшірмелерін жасауға тыйым салынады. Серіктестік басшылығының жазбаша тапсырмасы, немесе Серіктестіктің құрылымдық бөлімше бастығының жазбаша сұратуы бойынша Басқарма хатшысымен Басқарманың мөрімен бекітілген Хаттамалардан (Шешімдерден) үзінді беріледі.

VII. Басқарма хатшысы

7.1. Басқарманың құрылымдық бөлімшелермен әрекеттесуін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ іс жүргізуді іске асыру үшін Басқармамен Басқарма хатшысы тағайындалады. Басқарма хатшысы Басқарма құрамына кірмейтін Серіктестіктің жұмыскерлері қатарынан тайындалуы мүмкін. Мұндай жағдайда ол Басқарма мүшесінің өкілдігіне ие болмайды және ол күн тәртібі мәселелерін қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға қатыспайды.

Басқарма хатшысы өз қызметінде Бас директорға (Басқарма төрағасына), ал Басқарма отырыстарын ұйымдастыру мәселелері бойынша құқықтық қамтамасыз ету қызметінің басшысына бағынышыты және есепті.

7.2. Басқарма хатшысы:

- 1) Басқарманың жұмыс Жоспарын жасайды;
- 2) Басқарма мүшелеріне Басқарманың қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар ұсынады;
- 3) Басқарма Хаттамаларын жүргізеді және Шешімдерін ресімдейді;
- 4) осы Ережемен белгіленген тәртіпте Хаттамалар мен Шешімдерге визалардың, қолдардың қойылуын қамтамасыз етеді;
- 5) Басқарманың Хаттамаларын (Шешімдерін), сондай-ақ Басқармамен қаралған мәселелер бойынша материалдардың түпнұсқаларын сақтайды және жыл аяқталғанда белгіленген тәртіпте құжаттарды Серіктестіктің мұрағатына тапсырады;
- 6) Серіктестіктің Жарғысы мен Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес Басқарма отырыстарын әзірлеу және өткізу бойынша қажет іс-шаралар қабылдайды;
- 7) Басқарма отырысын өткізілетін мерзімі, уақыты және орны және (немесе) күн тәртібі өзгерген жағдайда ол туралы дереу барлық Басқарма мүшелерін хабардар етеді;

 Ереже 3-04-12	«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Басқармасы туралы Ереже	
	Редакциясы 2	13 беті 14 беттің

8) сырттай отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің жазбаша ақпараттарын (пікірлерін) жинайды, және оларды Серіктестіктің Бас директорына (Басқарма төрағасына) тапсырады;

9) Басқармамен қабылданған шешімдерді Басқарма мүшелеріне және басқа мүдделі тұлғаларға Хаттамаға (шешімге) қол қойғаннан бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей оларға көшірмелерін жіберу арқылы жеткізеді;

10) жаңадан сайланған Басқарма мүшелерін Серіктесте әрекет ететін Басқарма жұмысының тәртібімен, басқарма туралы Ережемен, басқарманың жылдық жұмыс Жоспарымен таныстырады, және басқарма мүшелеріне міндеттерін тиісінше орындау үшін қажет басқа ақпаратты жеткізеді;

11) Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелері бастықтарынан Серіктестік Басқармасының жұмысын қамтамасыз ету үшін қажет құжаттар сұратады;

11-1) сәйкес есептер қалыптастыру мақсатында Басқарма мүшелерінен, Басқарма құрамына кірмейтін басшы жұмыскерлерден, құрылымдық бөлімшелерінің бастықтарынан Басқарма шешімдерінің, сондай-ақ қабылданған шешімдер бойынша Басқармаға немесе Бас директорға (Басқарма төрағасына) жіберілген Қадағалау кеңесінің тапсырмаларының орындалуы, оларды орындаудың ағымдағы ахуалы туралы сұрайды;

11-2) Басқарма шешімдерінің, сондай-ақ қабылданған шешімдер бойынша Басқармаға немесе Бас директорға (Басқарма төрағасына) жіберілген Қадағалау кеңесінің тапсырмаларының орындалуы, оларды орындаудың ағымдағы ахуалы туралы есептер қалыптастырады және Бас директорға (Басқарма төрағасына) ұсынады;

12) Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерімен Серіктестік Басқармасының қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдардың әзірленуін ұйымдастырады;

13) осы Ережемен қарастырылған басқа міндеттерді жүзеге асырады.

7.3. Басқарма хатшысы болмаған жағдайда оның міндеттері Бас директордың (Басқарма төрағасының) шешімі бойынша басқа жұмыскерге жүктеледі.



VIII. Қорытынды ережелер

8.1. Ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Жалғыз қатысушының құзырлығына кіреді.

8.2. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Серіктестік Жарғысының өзгеруі нәтижесінде Ереженің жекеленген нормалары оларға қарама-қарсы болса, Ереженің сәйкес нормаларының күші жойылады және Ережеге өзгерістер енгізілгенге дейін Серіктестік Басқармасының мүшелері

	«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Басқармасы туралы Ереже	
Ереже 3-04-12	Редакциясы 2	14 беті 14 беттің

Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқықтық кесімдері мен Жарғыны басшылыққа алады.

	ТОО «Semser Security»	
Положение о Правлении товарищества с ограниченной ответственностью «Semser Security»		
ПЛЗ-04-12	Редакция 2	стр. 1 из 14
Разработал: Онгаров Б.Д.  «26» марта 2012 г.	Проверил: Каирбаев А.К.  «26» марта 2012 г.	Утверждено решением Единственного участника – АО НК «КазМунайГаз» «03» апреля 2012 г. протокол №30 п.9.

I. Общие положения

1.1. Настоящее Положение (далее – Положение) разработано в соответствии с Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» и Уставом Товарищества с ограниченной ответственностью «Semser Security» (далее - Товарищество).

1.2. Настоящее Положение определяет статус, порядок создания, функционирования и компетенцию Правления Товарищества (далее - Правление), полномочия и ответственность членов Правления, порядок созыва, проведения заседаний Правления, принятия и оформления его решений.

1.3. Правление при осуществлении своей деятельности руководствуется нормами законодательства Республики Казахстан, Уставом и внутренними документами Товарищества, а также настоящим Положением.

1.4. Правление является коллегиальным исполнительным органом Товарищества, осуществляющим руководство его текущей деятельностью.

1.5. Правление выполняет решения Единственного участника Товарищества (далее – Единственный участник) и Наблюдательного совета Товарищества (далее – Наблюдательный совет)).

1.6. Ни одно лицо «или группа лиц» не должно влиять на принятие решений Правлением.

1.7. Основными принципами действия членов Правления являются честность, добросовестность, разумность, осмотрительность, регулярность.

1.8. Деятельность Правления строится на основе принципа максимального соблюдения интересов АО НК «КазМунайГаз» и полностью подотчетна решениям Единственного участника и Наблюдательного совета.

II. Компетенция Правления и Генерального директора (председателя Правления)

2.1. Правление вправе принимать решения по любым вопросам деятельности Товарищества, не отнесённым законодательными актами

 SEMSEK	Положение о Правлении товарищества с ограниченной ответственностью «Semser Security»	
Положение	Редакция 2	стр. 2 из 14

Республики Казахстан и Уставом к компетенции других органов и должностных лиц Товарищества.

2.2. В соответствии с законодательством Республики Казахстан, Уставом Товарищества, иными внутренними документами к компетенции Правления относится:

- 1) представление интересов Товарищества;
- 2) организация подготовки и выполнение решений Единственного участника и Наблюдательного совета, предоставление отчетов об их выполнении;
- 3) предварительное одобрение вопросов, принятие по которым отнесено к компетенции Единственного участника или Наблюдательного совета;
